

«МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ ДИРЕКЦИЯСЫ ЕСКІРГЕН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР МЕН МЕХАНИЗМДЕРДІ ЗАМАНАУИ ҚҰРЫЛҒЫЛАРҒА АУЫСТЫРУДА. МӘСЕЛЕН, 2023-2027 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА КРАН ҚОНДЫРҒЫСЫ БАР 20 МОТОВОЗ, 1589 РЕЛЬС КӨТЕРГІШ ТЕХНИКА САТЫП АЛУ ЖОСПАРЛАНУДА».



Сәкен РАХМЕТОВ,

«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Магистральдық желі дирекциясының директоры



№98 (2915)
24/11/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ЖОЛДАР ЖАҢҒЫРТЫЛЫП, ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ ЖАҢАРУДА

Қазақстанда магистральдық желілерді модернизациялау бойынша жұмыс қарқынды жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Премьер-министр Әлихан Смайыловтың қатысуымен өткен Үкімет отырысында Көлік министрі Марат Қарабаев мәлім етті. Отырысқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев та қатысып, соңынан өткен баспасөз конференциясында журналистер сұрақтарына жауап берді.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Бүгінде Қазақстандағы магистральдық жолдардың жалпы ұзындығы 16 мың шақырымды құрайды, оның тек 5 мың шақырымы қос жолды, 4 мың 200 шақырымы электрлендірілген. Желінің тозу деңгейі – 57%. Үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету және магистральдық теміржол желілерінің қуатын арттыру үшін биыл ұзындығы 567 шақырым учаскеде күрделі жөндеу жүргізілді.

Көлік министрінің мәлімдеуінше, қазіргі уақытта теміржол көлігі экономиканың экспорттық бағыттағы қажеттіліктерін толық көлемде қамтамасыз етіп отыр. Жыл басынан бері экспорттық тасымалдау 70 млн 700 мың тоннаны құрап, 8,5%-ға өсті. Жолаушы тасымалы 2,5%-ға артып, 16 млн 600 мың жолаушыны құрады. Контейнерлік тасымалдың 2022 жылғы көрсеткіші 2020 жылмен салыстырғанда 29%-ға артып, биылғы өсу қарқыны 15% деңгейінде сақталып отыр.

Транзиттік жүктердің негізгі бағыттары – Қытай мен Ресей. Ресейден келетін жүктер дәстүрлі транзиттің 50%-дан астам көлемін алады. Дегенмен соңғы жылдары Қытайдан Еуропа және көршілес елдерге Қазақстан арқылы жөнелтілетін транзиттік жүк көлемі едәуір артып, Қытайдың Қазақстандық транзиттік тасымалдаудағы үлесі 27%-ға дейін ұлғайды. Ол тиісінше 6 млн 200 мың тоннаға тең.

Біздің негізгі міндетіміз – трансқазақстандық бағыттардың тартымдылығын арттырып, халықаралық транзитті тиісті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету. 2029 жылға дейін саланың одан әрі дамуын ескере отырып, бірнеше бағыт бойынша жұмыс жоспарланып отыр, атап айтқанда шекаралық пункттерді, магистральдық теміржол желілерін дамыту, оның ішінде жаңа және екінші жолдар салу, тораптық станцияларды жаңғырту, магистральдық желіні күрделі жөндеу және автовокзалдары енгізу, жылжымалы құраммен, яғни локомотив және жүк вагондарымен қамтамасыз ету, тарифтік саясатты жетілдіру,



жөндеулерді қамтамасыз ету. Сонда 2029 жылға қарай транзиттік тасымалдарды 35 млн тоннаға дейін, оның ішінде контейнерлік транзитті 2 млн жиырма футтық эквивалентке дейін жеткізуге мүмкіндік туады, – деді М. Қарабаев.

Қазіргі уақытта локомотив паркінің жалпы саны 1 880 бірлікті құрайды. Парктің тозу деңгейін төмендету мақсатында биыл 133 локомотив сатып алынған. Олар – отандық локомотив және электровоз құрастыру зауыттарының өнімі. Жалпы 2025 жылға дейін 500-ден астам локомотив сатып алу жоспарда бар. Бұл жылжымалы құрам паркіндегі тапшылықты толықтай жоюға тиіс.

Бүгінде өңірлер арасында 66 маршрутпен жолаушылар пойызы қатынайды. Оларға 13 тасымалдаушы қызмет көрсетеді. Жолаушы вагондарының паркі 2600 бірлікке жуық. Тасымалдауға сұраныс өскен кездерде шамамен 300 вагонға дейін тапшылық байқалады екен.

– Жолаушы тасымалы үшін биыл 162 жаңа вагон сатып алынды. 76 вагон пайдалануға берілді, тағы 24 вагон жылдың соңына дейін берілетін болады. Ал келесі жылдың бірінші жартыжылдығында қалған 62 вагон жеткізіледі. Жалпы 2029 жылға дейін отандық зауыттардан 844 жолаушылар вагонын сатып алу жоспарла-

нып отыр. Оның ішінде «ЗИКСТО» зауытымен 307 және «Штадлер Қазақстан» компаниясымен 537 жолаушылар вагонын сатып алуға келісім-шарт жасалуда. ЗИКСТО вагондары 2025 жылға дейін жеткізіледі. Штадлер компаниясының вагондарын пайдалануға беру 2025-2029 жылдар аралығында жүзеге асырылады. Аталған өндіріс орындары локализациялау деңгейін жылдан жылға арттырып, ең кемінде 35%-ға дейін жеткізетін болады, – деп атап өтті ведомство басшысы.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев журналистер сауалына орай теміржолдағы тариф мәселесінен мәлімет берді. Оның айтуынша, ҚТЖ тарифтері – ТМД бойынша ең төмен. Компанияның қаржылық жағдайы реттелетін теміржол тарифтерінің деңгейіне байланысты. Бүгінгі таңда ҚТЖ тарифтері ТМД кеңістігіндегі ең төменгі тарифтердің бірі. Қолданыстағы тарифтер қызмет көрсетуге байланысты барлық шығындарды өтеуге мүмкіндік бермейді, инфрақұрылымды қолдау және дамыту, локомотив паркі мен жылжымалы құрамды уақытылы жаңарту, ақпараттық жүйелерді жаңғырту үшін жеткіліксіз, – деді Компания басшысы.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

РЕВИЗОРЛАР БАС ҚОСТЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің ұйымдастыруымен өңірлік бас ревизорлар аппаратының инженерлеріне арналған семинар-кеңес өтті.

«РБ аппараты инженерлерінің жұмыс тиімділігін арттыру» тақырыбында өткен семинардың мақсаты – инженерлер жұмысының сапасы мен ұйымдастырылуын жақсарту, ревизорлық жұмыстарды құжаттау, сонымен қатар Көлік министрінің қозғалыс қауіпсіздігін реттеуші нормативтік құжаттары мен Компанияның жергілікті актілері талаптарын орындауда сауаттылықтарын арттыру болды.

Семинарға «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы Жолдарды диагностикалау орталығының кадрлық, құқықтық мәселелерге жауапты мамандары және кәсіподақ комитетінің өкілдері шақырылды. Олар тарапынан бұйрық жобаларын дұрыс ресімдеу, қызметкерлерді жұмыстан босатуды қабылдау үшін бастапқы құжаттарды дайындау бойынша ұсыныстар беріліп, қызметкерлердің материалдық жауапкершілігінің қыр-сырлары айтылды.

«Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің қызметкерлері ревизорлық жұмыстарды ресімдеу, жол қозғалысы қауіпсіздігін талдау, жылдық жұмыс жоспарларының орындалуы туралы есеп беру сияқты шығыс формаларын дайындау бойынша бағыт-бағдар берді», – дейді департаменттің бас менеджері Айгүл Жүсіпова.

Семинар жұмысы талқылау, сұрақ-жауап форматындағы ашық диалог және тренингтер арқылы жүзеге асырылды. Қозғалыс қауіпсіздігі аппаратына құжаттарды ресімдеу және өңдеу бөлігінде жүктелген міндеттерді шешу бойынша пікір алмасу болды. Қозғалыс қауіпсіздігі саласында тәжірибелі мамандар тәжірибелерімен бөлісіп, инженерлердің жұмыс сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстарын жеткізді.

Сұлдуғұл БАКЕСОВА

Акция

«СТЕНА НАДЕЖДЫ» ПРОТИВ ГЕНДЕРНОГО НАСИЛИЯ

АО «НК «ҚТЖ»» **выразило инициативу по предоставлению локации на железнодорожном вокзале «Нұрлы жол» в поддержку международной акции «16 дней активных действий против гендерного насилия».**

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Согласно концепции международной акции, на четвертом этаже железно-



дорожного вокзала «Нұрлы жол» в период с 25 ноября по 10 декабря 2023 года будут установлены закрытые кабинки, обеспечивающие конфиденциальность жен-

щины, готовой рассказать свою историю гендерного насилия и разместить свою историю, пожелание на творческой инсталляции «Стена надежды».

Организаторы отмечают, несмотря на то что гендерное насилие широко распространено, оно не является неизбежным. Его можно и нужно предотвратить. Искреннее насилие начинается с доверия к пострадавшим, принятия всеобъемлющих и инклюзивных подходов, направленных на устранение коренных причин, исправление вредных социальных норм и расширение прав и возможностей женщин.

В преддверии акции на столичном вокзале состоялась торжественная церемония открытия интерактивной инсталляции «Нерассказанные истории». Цель инсталляции – повысить осведомленность общества о масштабах насилия в стране и способствовать продвижению изменений в отношении к этой проблеме.

Фото
Сары САХЫНБЕК

ПОКАЗАТЕЛИ ВЫШЕ



На 22% вырос общий объем перевалки грузов в Актауском морском торговом порту за 10 месяцев этого года.

В январе – октябре перевалка достигла 3,8 миллиона тонн, по сравнению с аналогичным периодом прошлого года рост превысил 20%.

Порт обеспечил перевалку 162 тысяч тонн зерна, 142 тысяч тонн металла, 52 тысяч тонн цемента. Обработал свыше трех миллионов тонн нефти, что на 54% выше уровня прошлого года.

Произошедшая за счет частичной переориентации экспорта казахстанской нефти через порт Актау на маршрут Баку – Тбилиси – Джейхан.

За 10 месяцев через порт перевезено свыше 19 тысяч контейнеров в двадцатифутовом эквиваленте (ДФЭ), в том числе свыше 13,5 тысячи ДФЭ – по Транскаспийскому международному транспортному маршруту.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ

11 млн

ПАССАЖИРОВ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ ПОЕЗДАМИ АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ЗА 10 МЕСЯЦЕВ 2023 ГОДА.

С НАЧАЛА ГОДА ОБЩИЙ ОБЪЕМ ПЕРЕВАЛКИ ГРУЗОВ ЧЕРЕЗ МОРСКОЙ ПОРТ АКТАУ СОСТАВИЛ

3,8 млн тонн.

ВРАЧИ МЕДИЦИНСКОГО ПОЕЗДА «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН» ОБСЛЕДОВАЛИ БОЛЕЕ

76 тысяч
ЖИТЕЛЕЙ.

БЕЗОПАСНОСТЬ ОБЕСПЕЧАТ

Парк снегоуборочной и снегоочистительной техники ҚТЖ готов обеспечить безопасность движения поездов.



ПОДГОТОВКА
К ЗИМЕ

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Предстоящей зимой для расчистки железнодорожных путей от снега компания задействует 281 единицу специализированной техники:

снегоуборочные и снегоочистительные машины, роторные снегоочистители.

Все машины прошли плановые виды ремонта. Проведен рекордный за последние три года объем крупного вида ремонта – 108 единиц

техники. На сегодняшний день все машины обкатаны и подготовлены к работе в зимних условиях. Особое внимание при подготовке к зиме уделяется достаточному запасу топлива и технологических жидкостей.

Спецтехника распределена на

сети железной дороги так, чтобы эффективно использовать ее в период сильных снегопадов и метелей для очистки путей, стрелочных переводов и уборки снега. Большая часть сосредоточена в особо снежных регионах: Кокшетауском, Костанайском, Павлодарском, Карагандинском, Семипалатинском и Актюбинском. Общая протяженность заносимых участков по всей магистральной сети составляет порядка 2 000 километров. Очистка железнодорожных путей от снега является одной из

важнейших задач по обеспечению безопасности движения поездов.

Напомним, в текущем году к работе в зимний период допущено свыше 1,4 тысячи локомотивов. Кроме того, теоретические и практические занятия прошли машинисты и их помощники, которым предстоит работать в зимних условиях впервые. На них первозимники изучали особенности ведения поездов в условиях плохой видимости и при снежных заносах, меры по выходу из нестандартных ситуаций. За первозимниками закреплены опытные машинисты.

ЖАҢА ТЕХНИКА КЕЛДІ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
қызылорда



Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Сексеуіл жол станциясына Ресейде шығарылған су жаңа МПТ-6/869 мотовозы келді.

Борт компьютерімен, жылыту, салқындату жүйе-сімен және тағы басқа заманауи құрылғылармен жабдықталған заманауи техника жолшылар ұжымын қуантады.



– Қолданылу мерзімі 30 жылға есептелген техника бұған дейінгі мотовоз машинисі болған білікті маман Елдос Қалдыбаевқа сеніп тапсырылып отыр. Қай телімде жұмыс болатын болса, мотовоз сол жерге жіберілетін болады. Бізді су жаңа техникамен қамтамасыз етіп отырған компания мен бөлімше басшылығына алғысымыз шексіз, – деді станцияның бас инженері Елдос Жеткербайұлы.

Сексеуіл жол станциясы үшін Сексеуіл – Қоскөл жаңа телімінде жолдың бабын жасау үлкен салмақ болып отыр. Жолдың бабын технологиялық талапқа сай ұстап тұру, бұл аумақтың бархан құмды жоталар арасынан салынғанын ескерсек оңай емес, үздіксіз соққан желдің әсерінен жолды құм басып қалуы әп-сәтте, жолшылар жұмысы ауыр, техниканың күшін көп қажет етеді.

– Дистанцияда 1978 жылы және 2012 жылы шыққан мототехникалар қолданыста жүр. Оларды жаңа техникамен салыстыруға келмейді. Ал мына су жаңа мотовоз жолшылардың барлық сұранысына жауап береді. Тіпті заманауи бейнекамералармен қамтамасыз етілген, бұл дистанция ашылған жеті жылдың ішінде алған алғашқы жаңа техникамыз, – деп қуанышымен бөлісті дистанцияның бас механигі Жорабек Сматаулаев.

Су жаңа техниканың құлағын ұстаған тәжірибелі машинист Ербол Қалдыбаев та дән риза.

– Мотовоздың бұған дейін қолданыста болған МПТ-лардан айырмасы бұрынғыларда тартылым күші гидроберіліс болса, мұнда генератор арқылы жұмыс жасайтын электроберіліс, барлығы борт компьютер арқылы жұмыс істейді. Өртке қарсы тетігі жүйеге қосылған, 2КВ желілік рациясы, бейне бақылау секіріді заманауи байланыс жүйесімен, тұрмыстық қажеттіліктермен жабдықталған, – деп әсерімен бөлісті.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІКТІ АРТТЫРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

ҚТЖ-да теміржолдағы мүліктің қауіпсіздігі және сақталу деңгейін арттыру бойынша 2022-2024 жылдарға арналған Жол картасын жүзеге асыру бойынша дөңгелек үстел өтті.

Ұлан ОРАЗ,
Астана



Басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің төрағалығымен өткен жиында ҚР ІІМ көліктегі полиция департаментінің, ҚР бас көлік прокуратурасының, ҚР көлік министрлігі көлік комитетінің, «Қазақстанның теміржолдағы тармақ иелері қауымдастығы» ЗТБ және «KAZLOGISTICS» көлікшілері одағының өкілдері қатысты.

– Компанияның басым міндеттерінің бірі – қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын сақтау, тасымалдау процесі кезінде адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін тәуекелдерге бармау. Осы мақсаттарды орындау үшін 2022 жылы біз бен көлік полициясы аралығында Жол картасы әзірленген болатын. Содан бері бірлесе біраз жұмыс жүргізілді. Бейнекамера орнату, қоршау салу, бейнетіркігіштер қою сияқты цифрландыру шаралары да жүзеге асырылды, – деді Қ. Әлмағамбетов.

Теміржолдағы қауіпсіздік мәселесі бойынша баяндама жасаған қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің бас менеджері Мұрат Мусин бірлескен жұмыстарға қарамастан келеңсіз оқиғалар әлі де бар екенін жеткізді.

– Биыл 10 айда 58 адам басу оқиғасы болды, оның 36 жағдайы адам өлімімен аяқталса, 22 оқиғада түрлі деңгейдегі жарақаттар алған. Статистикаға сүйенсек, адам немесе мал басу көбіне перегондарда орын алады. Теміржолды белгіленбеген

жерден кесіп өтуге әуес адамдардың әрекеті теміржолшыларға үлкен қиындық туғызуда. Мұндай оқиғалар психологиялық соққы алатын локомотив бригадасының жағдайына да теріс әсер етеді, – деді М. Мусин.

Теміржол өткелдеріндегі жол-көлік оқиғалары да былтырғыға қарағанда азайған. Көбіне бұл жайттарға да автокөлік жүргізушілерінің өткелден өтерде жол жүру ережесін бұзуы себеп болады. Өткелде ереже бұзу оқиғалары көбіне Алматы, Қостанай, Атырау, Жамбыл жол бөлімшелерінде болған. Апатты жағдайлардың дені күзетілмейтін өткелдерде орын алады екен.

Жыл басынан бері 584 рет мал басу оқиғасы тіркелген. Оның 245 жағдайы жолаушылар пойызымен болған. Локомотив бригадалары тарапынан 2 мың рет оқыс тежеу берілген. Бүгінгі таңда мал мен жанды басу және өткелдерде жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында профилактикалық жұмыстарға ерекше көңіл бөлінуде. Компания қазіргі таңда «Машинистің ескерту кітабын» автоматтандыру мүмкіндігін қарастыруда.

Бұдан бөлек жеке тармақ иелері және өндірістік кәсіпорындардың кіреберіс жолдарында жылжымалы құрамның жолдан шығып кету оқиғалары да алаңдаушылық тудырады. Мұндай оқиғалар биыл 192 рет болып, былтырғыдан 9 оқиғаға көбейді.

Соның салдарынан 321 вагон мен 46 локомотив бүлінген.

– Кіреберіс жолдардағы жолдан шығып кету оқиғаларының 70 пайызына жеке тармақ иелеріне қарасты теміржол төсемдерінің сапасыздығы себеп болады. Қалған 30 пайыз жағдайда маневрлік жұмыстардың дұрыс жүргізілмеуі әсер еткен. Көбіне кіреберіс жолдарда вагондардың жолдан шығып кету оқиғалары Қостанай, Қарағанды жол бөлімшелерінде орын алады, – деді баяндамашы.

Көліктегі полиция департаменті бастығының орынбасары Мадияр Айтұғанов теміржолдағы бейнебақылау жүйелерін жаңғырту мәселесінің маңыздылығына тоқталды. 3 жыл ішінде ҚТЖ 7515 камера қоюды жоспарлап отыр. «Локомотивтердің 15,7 пайызы ғана бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген. Қалған бөлігін де бейнекамералармен жабдықтау қажет» деген ол бұл бағыттағы жұмыстарды жеделдету керектігін жеткізді.

Жиынға қатысқан локомотив, жолаушылар тасымалы бойынша ҚТЖ еншілес ұйымдары басшылары көліктегі полиция қызметкерлерінің сұрақтарына жауап беріп, өз шаршымен, мәселелердің шешімімен бөлісті. Екі жаққа да ортақ мәселелердің шешімін табуға бағытталған ұсыныстар хаттамаға енгізіліп, алдағы уақытта Жол картасында көрсетілді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Шекті бағада жазылған инвестициялық бағдарламаны орындау немесе орындамау туралы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің мәліметі

БСН 031040001799, 49200 (ЭҚЖС бойынша қызмет түрі)
2022 жылдың 1 қазаны мен 2023 жылдың 30 қыркүйегі аралығы бойынша

№	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы	Кіммен бекітілген (күні, бұйрықтың нөмірі)	Іс-шараның атауы	Инвестициялық бағдарламаны іске асыру мерзімі		Шекті бағада есептелген инвестициялық бағдарлама объектінің іс-шараның жоспарланған параметрлері (көрсеткіштері)						Орындалу, шекті бағада есептелген инвестициялық бағдарлама объектінің іс-шараның нақты параметрлері (көрсеткіштері) (тоқсандық, жиынтық)				Фактінің жоспардан ауытқуы (+,-)		Ауытқу себептері
				1 жартыжылдық	2 жартыжылдық	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлері	Өлшем бірлігі	Инвестициялар сомасы	Инвестициялар көзі	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлері	Өлшем бірлігі	Инвестициялар сомасы	Инвестициялар көзі	Техникалық параметрлері	Инвестициялар сомасы	
	Барлығы:	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №32-1-32/5656 хатына сәйкес бекітілген Инвестициялық бағдарлама 2022 жылғы 1 қазаннан бастап, тарифтік жылғы 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданылады. Инвестициялық бағдарламаның орындалуы 12 тарифтік айға (жиынтық түрде) көрсетілген.	Локомотивті сатып алу	2022 жылдың 4 тоқсаны және 2023 жылдың 1 тоқсаны	2023 жылдың 2 және 3 тоқсандары	бірлік		55 059 420	барлығы, оның ішінде меншік	бірлік		132 363 294	барлығы, оның ішінде меншік		77 303 874			
1	Жүк электровоздарын сатып алу	бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №32-1-32/5656 хатына сәйкес бекітілген Инвестициялық бағдарлама 2022 жылғы 1 қазаннан бастап, тарифтік жылғы 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданылады.	Локомотивті сатып алу			бірлік	9	24 278 166	барлығы, оның ішінде меншік	бірлік	16	19 006 255	барлығы, оның ішінде меншік	7	20 949 184	1. тасымалдау жұмыстарын қамтамасыз ету үшін көлемді асыра орындау; 2. нақты инфляцияның өсуіне байланысты құнның өсуі; 3. тартылған несиелер		
2	Жүк тепловоздарын сатып алу	бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №32-1-32/5656 хатына сәйкес бекітілген Инвестициялық бағдарлама 2022 жылғы 1 қазаннан бастап, тарифтік жылғы 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданылады.	Локомотивті сатып алу			бірлік	10	16 369 154	барлығы, оның ішінде меншік	бірлік	36	26 221 095	барлығы, оның ішінде меншік	26	22 847 974	1. парк тапшылығын жабу үшін көлемді асыра орындау; 2. нақты инфляцияның өсуіне байланысты құнның 3%-ға өсуі		
3	Маневрлік тепловоздарын сатып алу	бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданылады.	Локомотивті сатып алу			бірлік	2	1 397 603	барлығы, оның ішінде меншік	бірлік		-	барлығы, оның ішінде меншік	-2	1 397 603	тасымалдауды қамтамасыз ету үшін зауыт көптеген жүк тепловоздарын (59 бірлік) шығару үшін өзінің барлық мүмкіндіктерін пайдаланды		
4	ВЛ-80 сериялы электровоздарды күрделі жөндеу	Инвестициялық бағдарламаның орындалуы 12 тарифтік айға (жиынтық түрде) көрсетілген.	Локомотивтерді күрделі жөндеу			бірлік	44	7 371 546	барлығы, оның ішінде меншік	бірлік	44	8 179 504	барлығы, оның ішінде меншік	0	807 958	бірлік құны бағасы 11%-ға өсті		
5	ТЭМ сериялы тепловоздарды күрделі жөндеу	Инвестициялық бағдарламаның орындалуы 12 тарифтік айға (жиынтық түрде) көрсетілген.	Локомотивтерді күрделі жөндеу			бірлік	10	896 120	барлығы, оның ішінде меншік	бірлік	10	997 202	барлығы, оның ішінде меншік	0	101 082	бірлік құны бағасы 11%-ға өсті		

Шекті бағада жазылған инвестициялық бағдарламаны орындау немесе орындамау туралы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің мәліметі

БСН 031040001799, 49200 (ЭҚЖС бойынша қызмет түрі) 2023 жылғы қазан айына

№	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы	Кіммен бекітілген (күні, бұйрықтың нөмірі)	Іс-шараның атауы	Инвестициялық бағдарламаны іске асыру мерзімі		Шекті бағада есептелген инвестициялық бағдарлама объектінің іс-шараның жоспарланған параметрлері (көрсеткіштері) (қазан айы бойынша)				Орындалу, шекті бағада есептелген инвестициялық бағдарлама объектінің іс-шараның нақты параметрлері (көрсеткіштері) (тоқсандық, жиынтық) қазан айы бойынша факт				Фактінің жоспардан ауытқуы (+,-)		Ауытқу себептері		
				1 жартыжылдық	2 жартыжылдық	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлері	Өлшем бірлігі	Инвестициялар сомасы (қазан айы бойынша жоспар)	Инвестициялар көзі	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлері	Өлшем бірлігі	Инвестициялар сомасы	Инвестициялар көзі		Техникалық параметрлері	Инвестициялар сомасы
	Барлығы:	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №32-1-32/5656 хатына сәйкес бекітілген Инвестициялық бағдарлама 2022 жылғы 1 қазаннан бастап, тарифтік жылғы 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданылады.	Локомотивті сатып алу			бірлік		6 424 408	барлығы, оның ішінде меншік	бірлік		13 094 274	барлығы, оның ішінде меншік		6 669 866			
1	Жүк электровоздарын сатып алу	бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №32-1-32/5656 хатына сәйкес бекітілген Инвестициялық бағдарлама 2022 жылғы 1 қазаннан бастап, тарифтік жылғы 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданылады.	Локомотивті сатып алу			бірлік		6 424 408	барлығы, оның ішінде меншік	бірлік	2	6 963 168	барлығы, оның ішінде меншік	2	6 241 322	келісім-шарт бойынша 2 бірлік сатып алынды		
2	Жүк тепловоздарын сатып алу	бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №32-1-32/5656 хатына сәйкес бекітілген Инвестициялық бағдарлама 2022 жылғы 1 қазаннан бастап, тарифтік жылғы 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданылады.	Локомотивті сатып алу			бірлік	3	6 334 796	барлығы, оның ішінде меншік	бірлік	3	6 752 273	барлығы, оның ішінде меншік	0	417 478	Инфляцияның өсуіне байланысты 1 бірліктің құны факттен қымбаттырақ		
3	Маневрлік тепловоздарын сатып алу	бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданылады.	Локомотивті сатып алу			бірлік			барлығы, оның ішінде меншік	бірлік			барлығы, оның ішінде меншік		-			
4	ВЛ-80 сериялы электровоздарды күрделі жөндеу	Инвестициялық бағдарлама бойынша бекітілген жоспарға сәйкес орындалуы көрсетілген.	Локомотивтерді күрделі жөндеу			бірлік			барлығы, оның ішінде меншік	бірлік			барлығы, оның ішінде меншік		-			
5	ТЭМ сериялы тепловоздарды күрделі жөндеу	Инвестициялық бағдарламаның орындалуы 12 тарифтік айға (жиынтық түрде) көрсетілген.	Локомотивтерді күрделі жөндеу			бірлік	1	89 612	барлығы, оның ішінде меншік	бірлік	1	100 679	барлығы, оның ішінде меншік	0	11 067	бірлік құны бағасы 12%-ға өсті		

АНАЛИЗ И ОТЧЕТ – БЕЗ ХЛОПОТ



Возможности Автоматизированной системы интегрированной обработки маршрута машиниста (АС ИОММ) презентовали на инфосессии в Центре трансформации бизнеса АО «НК «КТЖ».



Любовь РОВБА,
Астана

Этот программный комплекс предназначен для решения задач ввода и обработки информации документов маршрута машиниста (ММ и ЭММ), макетов инвентарного, эксплуатируемого и неэксплуатируемого парков, поездов локомотивов с других дорог и казахстанских на дороги соседних государств. В АС ИОММ формируется полный перечень выходной информации (оперативные, статистические отчеты и аналитические справки). Можно получить как ежедневный отчет, так и подбить итоги за месяц и другие периоды. Доступ к выходной информации реализован через web-интерфейс, то есть сайт АС ИОММ.

– На сайте АС ИОММ доступно 145 отчетных форм и справок, которые формируются в разрезах депо, отделения ГП, оператора локомотивной тяги,

перевозчика и дороги, – сообщила заместитель начальника отдела ГТС филиала АО «НК «КТЖ» – «Главный вычислительный центр» Баршагуль Икебаева. – Пользователями являются порядка 600 человек.

Значение АС ИОММ для железнодорожников Казахстана сложно переоценить. На сегодня это единственная система по работе локомотивных депо, причем она охватывает не только депо, принадлежащие нацкомпании, но и частные. Всего 96 по Казахстану. В ней можно посмотреть анализ степени загруженности локомотивов в непоездной работе, расход электроэнергии и топлива по видам работ, что позволяет рациональнее использовать ресурсы. Автоматическое формирование выходных форм здесь доступно как для локомотивных депо, так и отделений ГП, ЦЖС, НЖС, экономического блока и других пользователей. Ввод

и контроль норм по топливу и электроэнергии также осуществляется через сайт АС ИОММ.

АС ИОММ включает в себя клиентскую и серверную части. Взаимодействие между ними происходит с использованием механизмов обмена информацией с гарантированной доставкой IBM MQSeries.

В составе клиентской базы – автоматизированное рабочее место оператора центра оперативно-технического учета (АРМ ТЧУ), которое обеспечивает ввод и обработку маршрута машиниста в ручном режиме, а также просмотр электронного маршрута машиниста из АСУ-ЭДТ (энергодиспетчерская связь).

Базовый комплекс АС ИОММ приобретен КТЖ у российских разработчиков еще в 2006 году, а в 2007-м введен в постоянную эксплуатацию. На сегодняшний день этот комплекс не имеет аналогов на других дорогах, так как в рамках развития АС

ИОММ произведено четыре этапа модернизации для реализации потребности АО «НК «КТЖ».

Последняя модификация произведена в 2015 году – интеграция с АСУ-ЭДТ. Основная цель интеграции – выгрузка электронного маршрута машиниста из АСУ-ЭДТ в АС ИОММ.

– Конечными целями внедрения новой технологии является отказ от ручного ввода операторами ЦОТУ бумажной версии маршрута машиниста за счет автоматизированного получения данных из АСУ-ЭДТ в объеме электронного маршрута машиниста, уменьшение влияния человеческого фактора на достоверность и актуальность информации, – сообщила Баршагуль Икебаева.

Налажено взаимодействие с железными дорогами соседних государств – России, Кыргызстана, Туркменистана и Узбекистана, что позволяет получать данные маршрута машиниста по заездам казахстанских локомотивных бригад на чужую железную дорогу и чужих бригад на нашу магистральную сеть.

Благодаря автоматизации обработки маршрута машиниста и интеграции с другими системами повысилась оперативность и достоверность отчетной информации, улучшено управление тяговыми ресурсами, обеспечен учет и контроль выработки локомотивных бригад, достигнута экономия ресурсов и т. д.

В завершение инфосессии участники обсудили основные нюансы работы системы, ее преимущества и перспективы развития, а Баршагуль Икебаева подробно ответила на все возникшие в процессе презентации вопросы.

Фото Александра ЖАБЧУКА

К ЗИМЕ ГОТОВЫ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



В Павлодарской дистанции электроснабжения завершены все ремонтные работы. В следующем году реконструкция пройдет на станциях Павлодар, Майкайын, Калкаман и Спутник.

По программе проведения текущего ремонта методом подряда ТОО «Теміржолсу-Павлодар» завершены работы в ЦРП-3 станции Павлодар. С апреля началась кампания по приведению в эстетический вид опоры контактной сети: нанесение нумерации и знаков опор на контактной сети. В следующем году реконструкция пройдет на станциях Павлодар, Майкайын, Калкаман и Спутник, где находятся три тяговые подстанции, один участок механических мастерских и один эксплуатационно-производственный участок. Дистанция обслуживает восемь внеклассных парков станции Павлодар, две внеклассные станции Павлодар и Аксу-1, станцию первого класса Ушкүль, шесть станций третьего класса, четыре станции четвертого и 11 станций пятого класса.

Напомним, эксплуатационная длина обслуживаемого участка Павлодарской дистанции электроснабжения составляет 584,3 километра, развернутая длина – 972,8, развернутая длина контактной подвески – 553,7. Протяженность линии электроснабжения основного и резервного питания по группе А составляет 765,3 километра, по группе Б – 419,2 километра.

КАЗАНБАСЫ: ПРОСТЫЕ СЛОЖНОСТИ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



Станция Казанбасы – одна из самых ключевых и расположенных в сложном природном рельефе – густой лесной полосе. Отсюда и высокая вероятность пожаров в летнее время и лесных заносов путей в зимнее.

На станции Казанбасы успешно завершили текущий ремонт путей. Им в этом году было охвачено порядка 60 километров на участках Апановка – Казанбасы и Казанбасы – Аманкарагай. Эти меры должны повысить безопасность движения.

Что касается подготовки к грядущей зиме, то, по словам начальника станции Меруерт Рахимжановой, все необходимые объекты, а также семь железнодорожников полностью обеспечены углем. Для данных нужд на станцию было доставлено порядка 350 тонн угля.

В настоящее время путейцы станции активно занимаются расчисткой двухкилометрового участка пути от деревьев и густого кустарника. Кроме того, железнодорожники регулярно проводят профилактические мероприятия. Встречаются с жителями и властями. Не остаются они в стороне и от общественной жизни, проводят акцию «Дорога в школу», спортивные состязания.

Информация ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» об исполнении либо неисполнении инвестиционной программы (проекта), учтенной в предельной цене БИН 031 040 001 799 49200 (вид деятельности по ОКЭД), с 1 октября 2022 года по 30 сентября 2023 года

№	Наименование показателей инвестиционной программы (проекта)	Кем утверждена (дата, номер приказа)	Наименование мероприятия	Годы реализации инвестиционной программы		Плановые параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене				Исполнение, фактические параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене (ежеквартально, с нарастающим итогом) факт за 12 тарифных месяцев				Отклонение факта к плану (+, -)		Причины отклонения		
				1-е полугодие	2-е полугодие	Ед. изм.	Технические параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций	Источник инвестиций	Ед. изм.	Технические параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций	Источник инвестиций		Технические параметры	Сумма инвестиций
	Всего:					ед.		55 059 420	всего в т.ч.	ед.		132 363 294	всего в т.ч.		77 303 874			
						ед.		47 150 408	собственные	ед.		72 146 919	собственные		24 996 511			
						ед.		7 909 012	заемные	ед.		60 216 374	заемные		52 307 362			
1	Приобретение грузовых электровозов	с 01.10.2022 г. утверждена Инвестиционная программа письмом КРЕМ МНЭ РК №32-1-32/5656 от 30.09.2022 г., действующая с 1 октября 2022 г., тарифный год с 1 октября 2022 года	Приобретение локомотивов	4-й квартал 2022 года и 1-й квартал 2023 года	2-й квартал 2023 года	ед.	9	16 369 154	собственные	ед.	16	19 006 255	собственные	7	2 637 101	1.перевыполнение объемов для обеспечения перевозочной работы; 2.удорожание стоимости за счет роста фактической инфляции; 3.привлечены займы		
2	Приобретение грузовых тепловозов	от 30.09.2022 г., действующая с 1 октября 2022 г., тарифный год с 1 октября 2022 года	Приобретение локомотивов	4-й квартал 2022 года и 1-й квартал 2023 года	2-й квартал 2023 года	ед.	10	21 115 985	всего в т.ч.	ед.	36	77 959 238	всего в т.ч.	26	56 843 253	1.перевыполнение объемов для покрытия дефицита парка; 2.удорожание стоимости на 3% за счет роста фактической инфляции;		
						ед.		21 115 985	собственные	ед.		43 963 959	собственные		22 847 974	2.удорожание стоимости на 3% за счет роста фактической инфляции;		
						ед.			заемные	ед.		33 995 279	заемные		33 995 279	завод все свои мощности задействовал наизготовление большого количества грузовых тепловозов (59 ед.) для обеспечения перевозов		
3	Приобретение маневровых тепловозов	по 30 сентября 2023 года	Капитальный ремонт			ед.	2	1 397 603	всего в т.ч.	ед.		-	всего в т.ч.	-2	- 1 397 603			
						ед.		1 397 603	собственные	ед.		-	собственные		- 1 397 603	завод все свои мощности задействовал наизготовление большого количества грузовых тепловозов (59 ед.) для обеспечения перевозов		
4	Капитальный ремонт электровозов серии ВЛ-80	Исполнение инвестиционной программы показано с нарастающим за 12 тарифных месяцев.	Капитальный ремонт			ед.	44	7 371 546	всего в т.ч.	ед.	44	8 179 504	всего в т.ч.	0	807 958	стоимость 1 ед. удорожала на 11%		
						ед.		7 371 546	собственные	ед.		8 179 504	собственные		807 958			
5	Капитальный ремонт тепловозов серии ТЭМ		Капитальный ремонт			ед.	10	896 120	всего в т.ч.	ед.	10	997 202	всего в т.ч.	0	101 082	стоимость 1 ед. удорожала на 11%		
						ед.		896 120	собственные	ед.		997 202	собственные		101 082			

Информация ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» об исполнении либо неисполнении инвестиционной программы (проекта), учтенной в предельной цене БИН 031 040 001 799 49200 (вид деятельности по ОКЭД) за октябрь 2023 года

№	Наименование показателей инвестиционной программы (проекта)	Кем утверждена (дата, номер приказа)	Наименование мероприятия	Годы реализации инвестиционной программы		Плановые параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене (за октябрь месяц)				Исполнение, фактические параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене (ежеквартально, с нарастающим итогом) факт за октябрь месяц				Отклонение факта к плану (+, -)		Причины отклонения		
				1-е полугодие	2-е полугодие	Ед. изм.	Технические параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций (план на октябрь месяц)	Источник инвестиций	Ед. изм.	Технические параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций	Источник инвестиций		Технические параметры	Сумма инвестиций
	Всего:					ед.		6 424 408	всего в т.ч.	ед.		13 094 274	всего в т.ч.		6 669 866			
						ед.		6 424 408	собственные	ед.		6 963 168	собственные		538 761			
						ед.		-	заемные	ед.		6 131 106	заемные		6 131 106			
1	Приобретение грузовых электровозов	С 01.10.2022 г. утверждена Инвестиционная программа письмом КРЕМ МНЭ РК №32-1-32/5656 от 30.09.2022 г., действующая с 1 октября 2022 г.	Приобретение локомотивов	с 1 октября 2023 года		ед.			всего в т.ч.	ед.	2	6 241 322	всего в т.ч.	2	110 216	закуплено 2 ед. согласно договора		
						ед.			собственные	ед.		110 216	собственные		110 216			
						ед.			заемные	ед.		6 131 106	заемные		6 131 106			
2	Приобретение грузовых тепловозов	Отчет за тарифный год с 1 октября 2022 года по 30 сентября 2023 года предоставлен отдельно. Для инвестиционной программы октябрь 2023 года	Приобретение локомотивов			ед.	3	6 334 796	всего в т.ч.	ед.	3	6 752 273	всего в т.ч.	0	417 478	стоимость 1 ед. по факту дорожке за счет роста инфляции		
						ед.		6 334 796	собственные	ед.		6 752 273	собственные		417 478			
						ед.			заемные	ед.			заемные		-			
3	Приобретение маневровых тепловозов	октябрь 2023 года	Капитальный ремонт			ед.			всего в т.ч.	ед.			всего в т.ч.		-			
						ед.			собственные	ед.			собственные		-			
4	Капитальный ремонт электровозов серии ВЛ-80	исполнение показано по утвержденному плану	Капитальный ремонт			ед.			всего в т.ч.	ед.			всего в т.ч.		-			
						ед.			собственные	ед.			собственные		-			
5	Капитальный ремонт тепловозов серии ТЭМ		Капитальный ремонт			ед.	1	89 612	всего в т.ч.	ед.	1	100 679	всего в т.ч.	0	11 067	стоимость 1 ед. удорожала на 12%		
						ед.		89 612	собственные	ед.		100 679	собственные		11 067			

ЖАН ЖЫЛУЫН СЫЙЛАЙЫҚ...

Батысты аралап жүрген «Білім экспресі» жобасы Маңғыстауға да келіп жетті. ҚТЖ компаниясының ішкі тренерлерінен құралған «көшпелі мектеп ұстаздары» екі күн бойы түбек теміржолында түрлі бағыт бойынша сабақ өткізді.

Тренерлер сапалы қарым-қатынас орнату, күйзеліспен күресу, кикілжіңдерді басқару сынды тақырыптарда дәріс оқып, оны аймақ теміржолшыларына түрлі әдіс-тәсілдермен түсіндірді. Семинар-тренингке қатысқан Маңғыстау қосалқы бөлімінің бастығы Нәжімеден Ғұбашов: «Бұл семинар тақырыбының өзектілігі қазіргі заман талабына сай болуында. Жанжалдарды шешу, стресске тұрақтылықты және тұлғалардың коммуникативтік қасиеттерін дамыту, әлеуметтік күйзелістер мен қақтығыстарды болдырмау мақсатында тұлғаның қажетті қасиеттерін қалыптастыруды көздейтін тренинг барысында алған білімді қызметтік дағдыларымызбен ұштастыруға ұмтылуымыз керек», – деп атап өтті.



«Білім экспресін» бастап келген Ұлттық компанияның адами ресурстарды басқару жөніндегі HR бизнес-серіктесі Алма Саулебаева қатысушылардың тақырыпқа қызығушылықтарын оятып, әдегеннен баурап алды.

– Кейбір кезде адамды адам түсінбейді немесе ол өз ойын дұрыс жеткізе алмай қалады. Біреулердің

өмірінде, үйінде неше түрлі жағдай болады. Сондай жағдайда стрестен қалай шығу керекін талдайық. Қарым-қатынасты қалай нығайтамыз, бір-бірімізбен араласуда қандай қиындықтар бар, соларды қарастырамыз. Қазір адамдар қарапайым сөйлесуден, араласудан қалып бара жатыр, көбіне тек телефонмен байланысамыз.

Оның өзінде қысқа, шалақ сөздермен сөйлесеміз. Бұрынғыдай еш себепсіз жақыныңның үйіне бару да жоқ. Негізінде адамның қарым-қатынастағы жылулығын еш нәрсе бере алмайды. Мысалы, сіз тәжірибелі теміржолшысыз, жұмысқа қабілетіңіз де жақсы. Дегенмен бұл аз, сізге жеке бастың адами қасиеттерін меңгеру, көтеру де қажет. Қарым-қатынас керек. Бір-бірімізге жан жылуын сыйлайық. Бағдарлама сол үшін ұйымдастырылған. Бүгінгі қоғам адамның тек білімін сұрамайды. Адами қасиеттерін, ортаға сіңімділігін де зерттейді. Өйткені ол өз ісінің маманы болғанмен, адамгершілігі болмаса, қасындағылармен араласпаса, жанжал шығарып отырса, ұжымның жетістіктеріне кері әсер етпек. Сондықтан бұл бағдарлама осындай қажетті білімді сіздерге беріп, жеткізуді көздейді, – деді Алма Тұрарқызы.

Семинар соңында қатысушыларға арнайы сертификат табысталды.
Шахидә ЖҰМАН, Маңғыстау Суретті түсірген автор

ТАМ, ГДЕ НАШИ КОРНИ

На участке Оскемен-1 – Шемонаиха в Восточном Казахстане расположена небольшая станция Фестивальная, начальником которой больше десятка лет является Сайран Шакиенова. Когда мы с ней заводим разговор о роли женщин в АО «НК «КТЖ», она уверенно говорит, что многие представительницы прекрасного пола не только все чаще занимают руководящие должности в компании, но и показывают отличные результаты.



Саму Сайран Шакиенову не раз поощряли грамотами, благодарственными письмами, она награждена нагрудным знаком «Адал еңбегі үшін». В ее послужном списке – благодарственные письма и грамоты от руководства АО «НК «КТЖ», Семейского отделения грузовых перевозок, ныне бывшего Восточно-Казахстанского отделения дороги. Она не раз получала поощрения по итогам осеннего и весеннего комиссионных осмотров, за отличную подготовку хозяйства станции Фестивальная к работе в зимний период или после выхода из зимы. Комиссии, проводящие осмотры на станциях, не раз воровили в ее адрес: «Где женщины, там – особый порядок». На днях очередное благодарственное письмо от руководства Семейского отделения грузовых перевозок и профсоюзного комитета узла станции Оскемен-1 получил коллектив станции Фестивальной за качественную подготовку хозяйства к зимнему периоду 2023-2024 годов.

Сайран Шакиенова пришла работать на станцию Фестивальная около 30 лет назад, когда ей только исполнилось 18. Но судьба ее семьи давно была связана с железной дорогой: бригадиром пути трудился ее дедущка, мама была дежурной стрелочного поста, впоследствии на «железке» стали работать ее старший и

младший братья, сын.
– На станции Фестивальная живу с 1983 года. Родилась на другой маленькой станции – Аврора. И вот, когда я стала совершеннолетней, меня приняли на Фестивальную дежурной стрелочного поста. Тогда еще мы переводили стрелки на станциях в ручном режиме. В 1997 году у меня родился сын Рамиль, я ушла в декрет, а через два месяца опять вышла на работу, – вспоминает Сайран Шакиенова.

В 2010 году ее назначили исполняющим обязанности начальника станции Фестивальная на три месяца, а потом утвердили начальником. С тех пор она и трудится в этой должности.

По мнению Сайран Шакиеновой, женщины в чем-то даже сильнее мужчин, потому что умеют быть более гибкими, аккуратными.

– А вообще, если говорить о роли женщин в нашей компании и обществе в целом, то представительницы прекрасного пола сейчас во многих сферах лидируют. Не в обиду мужчине сказано, – улыбается она. – Если в моем коллективе появляются проблемы, разногласия, то я всегда стараюсь выискать ситуацию, помочь, подсказать советом. Где это необходимо, там проявляю жесткость.

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск Фото Сайран ШАКИЕВНОЙ

АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АНА

Өткен ғасырдың басында Петербург жол қатынастары институтында жоғары білім алған инженер, қазақтан шыққан тұңғыш теміржолшы Мұхаметжан Тынышпаевтың жиен қарындасы Нұршакен Жүнісқызы арқалаған аманат жүгі жеңіл болмағаны анық.

20 қараша күні 80 жасқа толған кейіпкеріміз 2000-2009 жылдары Алматыдағы теміржолшылардың орталық мұражайында еңбек етті. Ұзақ жылдардан бері архив ақтарып, репрессияға ұшырағандар туралы мәлімет жинап жүрген жан үшін бұл жұмыс өте қызықты еді. 1998 жылы М.Тынышпаев атында қор құрып, жұмысын жүргізе бастаған.

– Менің анам Айса – Мұхаметжан Тынышпаевтың қарындасы. Бала кезімнен анамның ағасы туралы айтқан естеліктерін тыңдап өстік. Әсіресе Түркісб темір жолы салынып біткен соң түнделетіп Талдықорғанның Лепсі ауданында тау арасында отырған туған ауылына атпен суыт келгенін анам көп айтатын. Бұл туралы еш жерде жазылмаған. Әдеттегідей ағасы келгенде болатын той-томалақ жоқ, жалғыз өзі асығыс келіп, асығыс кеткен бұл сапардың

ауырлығын ойын баласы анам да сезінгі. Түнделетіп әудем жерге дейін шығарып салған ет жақын-дарымен құшақтасып қошақсып, тірі болсақ қауышармыз, болмаса пайғамбардың ақ туының астында жолғармыз деп аттаныпты. Көп ұзамай халық жауы ретінде ұсталып кетті. Айдау мен азапты өмір титығына жетіп, Ташкент түрмесінде көз жұмған. Қайсыбір жылы Әзбекстанның астанасына барып Тынышпаев жатқан түрме мен лазерге дейін тауып, бірталай дерек жинап қайттым, – дейді Нұршакен ана.

Мұражай қызметкері ретінде Түркісб темір жолы құрылысы және Алашорда тарихына арналған «Отыз жетінші жылдың қырғыны», «Тәуелсіздіктің алтын бесігі – Алашорда» стелдтерінің жасақталуына атсалысты. Ал



тұңғыш қазақ теміржолшы-инженер М.Тынышпаевқа арналған барлық іс-шаралардың бастамашысы болды. Алматы және Астана қалаларында Алаш қайраткерінің атына көше берілуіне, Алматы көлік академиясы мен Талдықорғандағы Тынышпаев музейінде халықаралық конференция өткізіп, деректі фильмнің жарыққа шығуына тікелей мұрындық болды. Бәрінен бұрын 90-жылдардың

соңында Татарстанның астанасы Уфада тұратын М.Тынышпаевтың ұлы Дәулет Шейх-Алидың елге оралып, ағайынмен қауышуына Нұршакен Жүнісқызының қосқан үлесі ұшан-теңіз. Техника ғылымдарының докторы Дәулет Мұхаметжанұлының әкесіне қатысты деректер, құжаттар мен фотосуреттерді топтастырып шығарған кітабы тынышпаевтануға қосылған құнды еңбек деп бағаланды. Ал өткен жылы Алматы әкімдігінің қолдауымен жарыққа шыққан Тынышпаев туралы деректі фильм Алматы көлік академиясы мен КУПС-та, ҚТЖ-да аншлаптен өткені белгілі.

– Менің бұл өмірге келгендегі миссиям анамның аманатын орындау секілді, шүкір, бүгінде Тынышпаев есімі тарихтан лайықты бағасын алды, іздеусіз-сураусыз кетті деп жылайтын анам туған жерінде бауырының алып ескерткіші бой көтергенін көрсек, қалай қуанар еді, – дейді кейіпкеріміз. Сексен жасқа келсе де тың ардагер ана бүгінде Тынышпаевтың зерттеу еңбегінің жалғасы ретінде шежірені дамытумен айналысуда.
Меруерт ЕСЕНБЕК, Астана

Кездесу

60 ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ...

Бәрі осыдан 60 жыл бұрын басталған еді. Жастық жігермен білім алып, кәсіпті игеруге ұмтылған қыз-жігіттерді заманмен бірге дамып, уақытпен бірге тоқтаусыз алға жылжып, өзгеріп отыратын саланың маманы болсақ деген ортақ арман мен мақсат біріктірген болатын.



Кешегі кеңестік заманда Жамбыл теміржол кәсіптік училищесін бітірген мамандарды өмір жолы әр тарапқа бастады. Сан тарау жолға сапарға шыққан олардың арасында әрине жұмыс бабымен қос рельстің бойында кездесіп қалғандар да болды. Жылдар өтіп, теміржол саласында еңбек жолын қарапайым жұмыстан бастаған кешегі жас түлектер тәжірибесі толысып, шыңдалған маманға айналды. Енді міне, олар 60 жылдан кейін бас қосып отыр...

Тараз көлік және коммуникация колледжінің 1963 жылғы түлектерінің кездесуі осындай жарқын естеліктермен басталды. Бұл кезде ардагерге айналған кешегі шәкірттер жастарға өмір жолдарынан қызықты естеліктер

айтып, келелі әңгіме қозғады. Ол кезде бұл білім ордасы «ИТУ-12» деп аталған екен. Қазіргідей материалдық база жоқ. Теориялық білімді практикада шыңдап қана нәтижеге жетуге болатын кез. Кездесуге сонау Ресейдің Краснодар өлкесінен арнайы келген Анатолий Виниченко өздеріне білім берген ұстаздары мен шеберлер жайлы сағынышқа толы естелік айтты. Анатолий Виниченко – бүгінде Краснодар қаласындағы Кубань университетінің профессоры екен.

Кешегі түлектер колледж ішін аралап көріп, музеймен танысты, естелік суретке түсті.

Ардақ УСЕЙІНОВА, Жамбыл облысы Суретті түсірген автор

МҰРАЖАЙҒА ТARTУ ЖАСАДЫ

Жуырда «Түркісб-Семей» мұражайына ерекше тарту жасалды. Ресейдің Алексин қаласынан арнайы капсулаға салынған топырақ әкелініпті. Себебі дәл осы жерде 1941 жылдың желтоқсан айында өткен кескілескен ұрыста Семейде жасақталған 238-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының жауынгерлері шейіт болған. Олардың қатарында теміржолшылар аз болған жоқ.



Басқосуға орай ұйымдастырылған шараға «Түркісб-Семей» мұражайының негізін қалаған Құрметті теміржолшы, қоғам

белсенді Мақсұт Көшжанов пен «Қазкөліккәсіп» ҚБ Семей өңірі бойынша өкілі Есен Қажығұлов және қаладағы орта, арнаулы

оқу орындарының ұстаздары, ардагерлер қауымы қатысты. Жұмыс барысында іргелі шараға ұйытқы болып отырған Абай об-

лыстық ардагерлер ұйымының тұрағасы Мұратказы Алин ақсақал Ресейдің Алексин қаласының Даңқ қорғанынан алынған бір ұыс топырақ салынған капсуланы теміржолшыларға салтанатты түрде табыс етті. Ендігі аралықта аталмыш жәдігер «Түркісб-Семей» мұражайының төріндегі соғыс жылдарындағы аймақ теміржолшының тарихына қатысты тағылымы мол мұралар қатарынан орын алмақ.

Сонымен қатар басқосуда салалық кәсіподақтың өңірлік өкілі Есен Асқарұлына әскери-патриоттық сипаттағы игі бастамаларымен, қазақстандық патриотизмді насихаттаудағы еңбектері үшін Алғыс хат табыс етілді.

Абай ЕРТИС, Семей Суретті түсірген автор

ВИДЕЛИ ВИДЕО?

Уральские железнодорожники совместно с линейным отделом полиции по станции Уральск продолжают профилактические беседы со школьниками. В подшефной школе № 45, расположенной на привокзальной площади, прошла очередная встреча с учащимися среднего звена на тему безопасности на железной дороге.



Беседа с шестиклассниками СОШ № 45 начал заместитель директора по ЗКО ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» Мунар Айтжанов. Он рассказал не только об основных правилах поведения на железной дороге, но и о том, что за три года в нашем регионе произошло 30 случаев наезда на посторонних, 15 из них – с летальным исходом по причине пренебрежения ими правилами личной безопаснос-

сти. Эта печальная статистика и просмотренный видеоролик на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности» произвели на ребят большое впечатление.

Сотрудники ЛОП по станции Уральск, старший инспектор группы профилактики правонарушений майор полиции Владимир Федун и оперуполномоченный группы криминальной полиции лейтенант полиции Нуржан Жалелов

дали правовую оценку неумным действиям несовершеннолетних нарушителей, назвав также суммы штрафов, которые придется заплатить их родителям.

В ходе беседы ведущий инженер пути ПТТО Уральской дистанции пути Оралбек Тайшев и заместитель начальника по производству Уральского эксплуатационного локомотивного депо Болатбек Дулатбаев пояснили, почему опасно

находиться в зоне железной дороги в неустановленных для перехода местах. Под конец встречи инженеры-технологи по безопасности движения Асылбай Доскалиева и Софья Байжанова раздали детям памятки с правилами поведения на железной дороге.

– Мы тесно сотрудничаем с железнодорожными предприятиями Уральска и линейным отделом полиции, – отметила завуч по воспитательной работе Гульсая Тулешева. – Сегодняшняя информационно-разъяснительная работа по теме «Железная дорога – зона повышенной опасности» прошла в рамках декады «Безопасность ребенка – главная задача общества». Подобные профилактические беседы проходят у нас ежемесячно, поэтому инцидентов с нашими учащимися на железной дороге не бывает.

Анна ПАНИЦЕВА, Уральск Фото автора



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Мұздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паницева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.